Жас мамандардың сабақ беруі қазіргі заман талаптарына сай жаңашылдыққа ұмтылғанымен, тәжірибе жетіспеушілігінен сабақтың нәтижелілігі кейде төмен болуы мүмкін. Дегенмен, дұрыс қолдау мен бағыт-бағдар берілсе, олар жоғары нәтижеге қол жеткізе алады.

### **Ұсыныстар:**

1. Жас мамандарға тәжірибелі мұғалімдерден тәлімгер тағайындап, үздік сабақ үлгілерін көрсету арқылы әдістемелік көмек көрсету.
2. Оқу семинарларына қатыстыру
3. Оқыту әдістемесіне, цифрлық ресурстарды қолдануға, тиімді кері байланыс беруге арналған семинарлар өткізу.

**2-ші мәселе: 1-4 сыныптардағы математика, 5-11 сыныптардағы математика, информатика пәндерінің берілісін және айлық тест, олқылық жұмысын зерделеу**

**Бақылаудың мақсаты:** оқу пәндерін оқытудың күйін анықтау, білімді және , оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптары бақылау. Мұғалімнің біріктірілген сыныптарда математика пәнің оқыту әдістемесін қарастыру

**Мерзімі : 06-29.11.2024**

Математика бірлестігінде 3 мұғалім бар. Педагог -сарапшы- 1, педагог -модератор- 2; Информатика бірлестігінде 4 мұғалім бар, бала күтімінде 1 мұғалім. педагог -модератор- 3, санатсыз – 1;

### **1. Бақылау түрлері:**

Математика мен информатика пәндеріндегі бақылау оқушылардың білім деңгейін бағалау, жетістіктерін анықтау және қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу үшін қолданылады. Бақылаудың негізгі түрлері:

Ағымдық бақылау – күнделікті сабақта оқушылардың тапсырмаларды орындауын, үй жұмысының дұрыстығын тексеру.

Аралық бақылау – тоқсан ортасында немесе бөлім аяқталған соң жүргізілетін тест, бақылау жұмыстары.

Қорытынды бақылау – тоқсандық, жылдық, ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), қорытынды аттестация.

Пән мұғалімдерінің тақырыптық -күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, Mektap.edu -мен салыстырылды. Тақырыптық -күнтізбелік жоспарға күннің қойылғандығы, күнделікті сабақ жоспары тексерілді. Mektap.edu жүйесі бойынша мұғалімдердің оқушыларды күнделікті әрі уақытында бағалауы қаралды. Мұғалімдердің БЖБ және ТЖБ бойынша қойылған ұпайлары Mektap.edu жүйесімен тексерілді. Оқушылардың жұмыс дәптерлері қаралды. Мұғалім тарапынан тексерілуі, балалардың сабақ уақытындағы және үйге берілген тапсырмаларды орындауы, қалыптастырушы бағалардың дұрыс нақты қойылғандығы қаралды. Оқушылардың компьютермен жұмыс жасауы, берілген тапсырмаларды мұқият орындауы қаралды. Есептердің берілісі, шығарылуы ескерілді. Уақытында оқушыны бағаламаған кейбір пән мұғалімдеріне ескертулер берілді. Сабақтан себепсіз,

дәлелді, денсаулығына байланысты қалған балаларға уақытында белгісін қою да ескертілді. Күнделікті сабақ жоспары қағаз жүзінде шығарылып, оқу ісі жөніндегі орынбасарға бекіту керектігі немесе электрондық нұсқада болу керектігі тағы бір мәрте айтылды. Сабақ барысында сабақтың құрылымы, мақсаты, бағалауы, әдіс -тәсілдер қаралды. Сабақ барысында кейбір сыныптар белсенді, кейбір сыныптардың белсенділігі орташа болды. Оқушылармен топтық, жұптық, бірде жеке жұмыстар , бірін -бірі бағалау, сабақты бекіту кезеңінде кері байланыс орната білді. Мұғалімдер интербелсенді тақтаны жақсы қолдана білді. Тақырыпқа сай бейнероликтер көрсетілді. Жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктер айтылды. Оқушылардың білім сапасы зерделенді, тоқсандық баға қаралды. Информатика пәні бойынша сапа жоғары, алгебра, геометрия пәндері бойынша оқушылардың білім сапасы орташа. Білім сапасы төмен сыныптардың пән мұғалімдеріне оқушымен, сыныппен жұмыс жасау керектігі тапсырылды.

Математика пәні бойынша сабақ беретін пән мұғалімі Абдығалиева Гулхан 19 жыл еңбек өтілі бар педагог – сарапшы. Функционалды сауатты, өмірде белсенді, шығармашылық тұрғыда ойлай алады, тиімді шешім қабылдай алады, өмір бойы білім алуға дайын болады. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, әртүрлі әдіс-тәсілдермен, платформалармен түрлендіріп өткізеді. Есіркепова Жаңыл 11 жыл еңбек өтілі бар педагог-модератор. 11-сыныпқа оқушыларды ҰБТ-ға дайындап жатыр. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттыра білді, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамытады, ақыл-ой жұмысын күшейтеді, оқушының танымдық іс-әрекеті артады. Есептердің шығу жолдарын әртүрлі тәсілмен түсіндірді. Белсенділік танытқан оқушылармен кері байланыс жасай білді. Пән мұғалімі оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, жүйелі түрде қолдана білді. . Сонымен қатар Есіркепова Жаңыл 8 сыныптарға алгебра, геометрия сабақтарынан береді. Оқушыларға әртүрлі платформалар бойынша түсіндіріп, есептер шығарады.

Математика, алгебра :

Геометрия:

	Үлгерім	Сапа		Үлгерім	Сапа
5- сыныптар	100	56,1	5- сыныптар		
6-сыныптар	100	52,8	6-сыныптар		
7-сыныптар	100	41,4	7-сыныптар	100	42,3
8-сыныптар	100	36,4	8-сыныптар	100	37,2
9-сыныптар	100	33,7	9-сыныптар	100	33,2
10-сыныптар	100	42,8	10-сыныптар	100	46,4
11-сыныптар	100	45,5	11-сыныптар	100	40,9

Информатика

	Үлгерім	Сапа
5- сыныптар	100	73,6
6-сыныптар	100	68,3
7-сыныптар	100	60,6
8-сыныптар	100	55
9-сыныптар	100	62,8
10-сыныптар	100	78,4
11-сыныптар	100	87,5

Математика пәні (1–4 сыныптар)

Айлық тестілеу: 1–4 сынып оқушыларына оқылым, түсіну, есеп шығару дағдылары бойынша тест тапсырмалары ұсынылды.

2, 3, 4 сыныптарда үлгерім орташа 75–85% аралығында.

5-11 сынып Математика, алгебра сапа – 44%

7-11 сынып Геометрия сапа – 40%

5-11 сынып Информатика сапа - 69%

Анықталған олқылықтар:

Мәтінді есептерді талдау мен шешу дағдылары төмен.

Жылдам есептеу және логикалық ойлауды қажет ететін тапсырмаларда қиындықтар байқалады.

Математика пәні (5–11 сыныптар)

Айлық тестілеу:

5–7 сыныпта негізгі қиындық – бөлшек сандармен амалдар және теңдеулер.

8–9 сыныпта функция, графиктер, квадрат теңдеу тақырыптарында олқылықтар байқалды.

10–11 сыныпта ҰБТ типтегі есептерде қиындық – логарифмдік, тригонометриялық теңдеулер.

Информатика пәні (5–11 сынып)

5–6 сыныптарда цифрлық сауаттылық.

7–9 сыныптарда алгоритм, программалау негіздері.

10–11 сыныптарда Python, кестелік модельдеу.

Шешімдер:

1. Математика мен информатика пәндерінің берілуін қатаң бақылау жалғастырылсын.

2. Оқу бағдарламасының толық орындалуын қамтамасыз ету үшін мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетілсін.

3. Айлық тест қорытындыларына жүйелі түрде талдау жасалып, төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.

### **3. Бастауыш сыныптар пән бірлестігінің апталығы. Жетекшісі Рахметова Ақбаян**

11-15 қараша аралығында «Айтылады ән – жыр, Шона атаға – 100 жыл!» атты бастауыш апталығы аталып өтті. Апталықтың бірінші күнін 11 қараша күні әнұранмен бастап, содан соң қазақ әдебиетінің сатира жанрының дамуына үлкен үлес қосқан Шона Смаханұлының өмір жолымен шығармашылықтары оқушыларға таныстырылды. Апталықтың 12 қараша күні Шона Смаханұлының өлеңдерінен мәнерлеп оқу бойынша сайыс өткізілді. Сайысқа 1-4 сынып оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайысқа түсті. Сол күні үзілістер кезінде оқушыларға Оңдабаева А мен Ұзақбаева А «Көңілді үзіліс» ұйымдастырып оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлады. 13 қараша күні 3,4-сынып оқушыларының арасында Шона Смаханұлының шығармаларын оқи отырып сахналық көрініс көрсету байқауы өтті. 14 қараша күні жоспар бойынша 2-4 сынып оқушылар арасында ақынның шығармаларын оқи отырып сурет салу байқауы өтті. Байқауға көптеген оқушылар қатысты. 15 қараша күні Айтылады ән-жыр, Шона атаға – 100 жыл! атты әдеби сазды бастауыш апталығының жабылу кеші өтті. Кеште әр тармағы әнге, әуенге айналған «Анамның тілі», «Ортеке» әні шырқалды. Апталықтың апта бойы өткізілген шаралары

туралы қысқаша бейнеролик көрсетіліп, апталыққа белсене қатысқан оқушыларға дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

#### **4.3-4және 5-11 сыныптардағы ағылшын тілінің берілісіне бақылау басшылық**

02-20 желтоқсан айында 5-11 сыныптар бойынша ағылшын тілі пәнінің берілісі тексерілді. Мақсаты: оқушылардың білім сапасын саралау, білім үдерісін жақсарту бағытында мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;

3–4 сыныптардағы ағылшын тілі пәнінің берілуі

Айлық тест нәтижесі:

Тыңдалым және айтылым дағдылары — 66%–75%

Жазылым мен оқылым — 65%–75%

5–11 сыныптардағы ағылшын тілі пәнінің берілуі

Айлық тест нәтижелері:

5–7 сыныптар: сөздік қоры жеткіліксіз, әсіресе грамматикалық құрылымда қиындықтар бар.

8–9 сыныптар: ұзақ сөйлем құрау мен эссе жазу дағдысы баяу дамуда.

10–11 сыныптар: сөйлеу, эссе, грамматикалық тапсырмаларда жетістіктер байқалады.

Орташа үлгерім:

5–7 сынып: 58-60%

8–9 сынып: 70-62%

10–11 сынып: 50-55%

Анықталған олқылықтар:

Грамматикалық ережелерді практикалық қолдануда қиындық.

Айтылым және еркін сөйлеу кезінде сөздік қорының шектеулілігі.

Аударма мен эссе жазуда логикалық байланыс әлсіз

Ағылшын тілінде сабақ беретін 5 мұғалім болатын. Биылғы жылы 2 мұғалім -бала күтімінде. Айынова Пакизат – ағылшын пәні мұғалімі, педагог -модератор, 8а, 9а, 10а, 11а сыныптарында өз пәнін 50 пайыз ағылшын тілінде өткізді. Сайынова Инабат пен Арыстанбай Назира жас маман. Тәлімгерінің кеңестерін тындап, бағыт алып, өз қателіктерін жөндей білді. Тақырыпқа сәйкес ағылшын тілінде терминологияны қолдана отырып, сабақ жоспарын жасақтады. Оқушылармен кері байланыс жасалды. Лексикалық бірліктерді қайталап, мүмкіндігінше сабақ барысында жиі қолдануға тырысты. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін жиі қолдану керектігі айтылды. Бірлестікте биыл келген жас мамандар көп. Жыл басында жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлер мен жас мамандардың ортақ жұмыстары, жоспарлары тексерілді. Пән мұғалімдерінің тақырыптық -күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, Mектеp.edu -мен салыстырылды. Тақырыптық -күнтізбелік жоспарға күннің қойылғандығы, күнделікті сабақ жоспары тексерілді. Mектеp.edu жүйесі бойынша мұғалімдердің

оқушыларды күнделікті әрі уақытында бағалауы қаралды. Мұғалімдердің оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексергендігі қаралды, БЖБ және ТЖБ бойынша қойылған ұпайлары Mектер.edu жүйесімен тексерілді. Уақытында оқушыны бағаламаған кейбір пән мұғалімдеріне ескертулер берілді. Сабақтан себепсіз, дәлелді, денсаулығына байланысты қалған балаларға уақытында белгісін қою да ескертілді. Күнделікті сабақ жоспары қағаз жүзінде шығарылып, оқу ісі жөніндегі орынбасарға бекіту керектігі немесе электрондық нұсқада болу керектігі тағы бір мәрте айтылды. Пән мұғалімдерінің, әсіресе жас мамандардың сабағына тәлімгерімен бірге қатыстым. Сабақ барысында сабақтың құрылымы, мақсаты, бағалауы, әдіс -тәсілдері нақты жас мамандар да, оқытудың белсенді әдіс -тәсілдерін қолдана алмаған да мұғалімдер болды. Кейбір мұғалімдердің топты бөлудегі мақсат не екендігін білмейтіндігі байқалды. Оқушылармен топтық, жұптық, жеке жұмыстар , бірін -бірі бағалау, сабақты бекіту кезеңінде кері байланыс орната білді. Жас мамандар интербелсенді тақтаны өте жақсы қолдана білді. Тақырыпқа сай бейнероликтер көрсетілді. Жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктер айтылды.

### Ұсыныстар:

1. 3–4 сыныпта тыңдалым мен айтылымды дамытатын мультимедиялық материалдарды жиі қолдану.
2. 5–7 сыныптарда грамматикалық құрылымдарды меңгертуге арналған арнайы дәптер жүргізу.
3. 8–11 сыныптарда жазылым және айтылым бойынша бағалау критеріін нақтылап, кері байланысты күшейту.

### 5. Тілдер бірлестігінің апталығы

Р/с	Тақырыбы	Әдісі	Өтетін күні	Жауапты мұғалімдер	Сынып	Уақыты
1	« Тіл – достықтың мерейі»	Апталықтың ашылуы	Дәліз	Бірлестік мүшелері	5-11 сынып	2 мезгіл
2	Миллион кімге бұйырады?	Интеллектуалдық ойын	9.12.24ж	Казиева Б.	7 -сынып	Сағ.10 :00
3	«1001 мақал, 101 жұмбақ»	Интеллектуалдық сайыс	10.12.24ж	Тақабаева А.	5а-5ә сынып	Сағ.10:00
4	Конкурс знатоков русского языка	Сайыс	10.12.24ж	Домбаева А	8-9сынып	Сағ.15:00
5	Путешествие в страну Русского языка	Сайыс	11.12.24ж	Турарбекова С	6-7 сынып	Сағ.10:00
6	Жүзден жүйрік	Интеллектуалдық айыс	11.12.24ж	Асылбекова А.	5-7 сынып	Сағ.15:00
7	Countymania	Сайыс	12.12.24 ж	Арыстанбай Н.	6-7 сынып	Сағ.10:00
8	Who is the best?	Эстафета	12.12.24ж	Айынова П.	8-9-10 сынып	Сағ.15:00
	Менің атым –Қожа	Сахналық	12.12.24ж	Жумағалиева Д	6-сынып	Сағ.16:00

		көрініс				
9	Білгірлер бәйгесі	Интеллектуалдық сайыс	13.12.24ж	Ұзақбаева А.	5а-5ә сынып	Сағ.10:00
10	Қорытынды	Апталықтың жабылуы	13.12.24ж	Бірлестік жетекшілері	АКТ залы	Сағ.15:00

Мақсаты: Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету.

2024 жылдың 9-12 – желтоқсан аралығында «Тіл-достықтың мерейі » атты қазақ тілі апталығы өтті.

Апталық салтанатты жиынмен ашылды.

Апталықтың бірінші күні Б.Казиева 6-7 -сыныпта «Миллион кімге бұйырады?» тақырыбында сайыс сабақ өткізді. Сабаққа мектеп директоры,

орыс тілі мен ағылшын тілі мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері өз бағаларын берді. Оқушылар жоғары қызығушылықтарымен орындады.

Сайыс өз мақсатына жетіп, жақсы бағаланды.

Апталық қалған күндері қалған апайлар Тақабаева А.Жумағалиева Д. Асылбекова.Ұзақбаева А. Өз сыныптарына интеллектуалдық сайыс сабақтарын өткізді.

Ағылшын тілі пән мұғалімдері де апталықта 6-7 сынып және 8-9-сынып аралықтарында «Countymania» «Who is the best» тақырыптарында сайыс,эстафета ойын сабақтарын жоғары деңгейде өткізді.

Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Домбаева А.Тұрабекова С. 8-9 –сынып және 6-7-сыныптарға өз деңгейінде интеллектуалдық сайыс сабақтарын өткізді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың емлекеттік тілді жетік меңгеріп білуіне көңіл бөліп, пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ізденімпаздық қабілеттерін оята білді.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығы белгіленген жоспар бойынша өткізілді. Апталықтың соңында қорытынды әдеби-сазды кеш ұйымдастырылып, 5-11- сынып оқушылары қамтылып шара соңында апталыққа белсене қатысқан оқушыларды марапаттап кеш қорытындыланды.

## **6. МАД сыныптарындағы сабақтардың берілісін зерделеу қорытындысы**

02 - 20.12.2024 МАД тобындағы оқушылардың сауат ашу, математика пәндері бойынша білім сапасын анықтау жұмыстары жүргізілді.

МАД «А» тобында 15 оқушы, МАД «Ә» тобында 16 оқушы.

Тексеру барысында оқушыларды мына бөлімдер бойынша тексеру жүргізілді.

Сауат ашу пәнінен Әріптер, Дауысты және дауыссыз дыбыстар, буынға бөлу

Математика пәнінен: Түстер, тура санау, кері санау, қосу, азайту.

**Бақылау мақсаты:** МАД сыныптарда пәндердің жүргізілу деңгейін, оқушылардың пәнге қызығушылығы мен белсенділігі, мұғалімдердің сабақта жаңа технологияны қолдану әдіс-тәсілін байқау.

**Міндеттері:**

1. Пән мұғалімдерінің білім беру технологияларын оқу үрдісіне енгізу деңгейін тексеру.

2. Информатикалық технологияларды қолдану деңгейін тексеру.

Бақылау кезінде мына төмендегі мұғалімдер тексеруге алынды.

1. Айтқулова М.- жоғары білімді, педагог санатындағы МАД тобының тәрбиешісі

2. Мантакова С.- арнаулы орта білімді, санаты жоқ МАД тобының тәрбиешісі

Бақылау кезінде пән мұғалімдердің нәтижелі білім беруде оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық оқыту құралдарын сабақта тиімді пайдалану деңгейін тексеру мақсатында сабақтарға қатысу ұйымдастырылды.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі

ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту. МАД тобындағы сыныптар 5 сала бойынша жұмыс жасайды.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші

сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту /денсаулық/

- коммуникативтік дағдыларды дамыту /коммуникация/

- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту /таным/

- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту /шығармашылық/

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды /әлеуметтік орта/ қалыптастыру арқылы іске асырылады.

**Денсаулық білім беру саласы бойынша.**

Жүру (жай , тез, тізбектеп, жұбымен жүру), жүгіру, еңбектеу, өрмелеу, секіру, лақтыру, тепе – теңдік сақтау бойынша құзіреттілік көрсеткіштері бойынша қазіргі таңда балалар жақсы деңгейге көтерілді. Атап айтсақ , нысанаға асырып лақтыра алады, допты қағып алады, кедергілер арасынан жүре алады, орындық үстімен жүре алады, ұсақ заттарды лақтыра алады.

**Коммуникативтік білім беру саласы бойынша.** Балалардың құзіреттілік көрсеткіші жыл басында әріптерді танымайтын, буынды қосып оқи алмайтын, буынға бөле алмайтын, ертегіні түсініп айта алмайтын. Қазіргі таңда балалар өткен әріптерді таниды, буындарды қосып оқиды, буынға бөліп қандай әріптен басталатынын айтады, әңгімені мұқият тыңдап, түсінеді, білген ертегісін, әңгімелерін еркін айта алады.

**Шығармашылық білім беру саласы бойынша.** Балалардың құзіреттілік көрсеткіштеріне тоқтала кетсек, балалар әуенді жақсы қабылдайды, естиді, қосылып айтады, билейді, қазақтың ұлттық аспаптарын ажырата алады.

**Әлеуметтік білім беру саласы бойынша.** Балалар өз бетінше әрекеттене алады, құрдастарымен араласады, мінез- құлықтары мәдениетті, эмоциялық жағдайлары жақсы, балалардың барлығыда қарапайым, адамгершілік дағдылары жақсы.

**Таным білім беру саласы бойынша құзіреттілік көрсеткіштері.**

1 – ден – 20 – ға дейінгі сандарды таниды, 20- ға дейінгі сандарды қосып алады, геометриялық пішіндерді таниды. Соның ішінде, дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, төртбұрыш, жарты бұрыш, пішіндерін таниды, ажырата алады. Құрастыру әрекеті бойынша, көлік түрлерін ажырата алады, құрастырады, көпір , саты, үйшік, қораны құсастыра алады. Айналаны бағдарлай алады, соның ішінде жоғары төмен, оң, сол, алды, арты, үсті , асты ажырата алады. Көлемін бағдарлауда балалар кең, тар, үлкендігі, кеңдігін, аумағын тең екендігін ажырата алады. Сонымен қатар:

сөйлеу ағынында берілген дыбысты бөлу; буынға бөлу; 3-4 сөзден тұратын сөйлем құру; суреттер сериясына, сюжеттік сурет бойынша, берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру; заттар туралы әңгімелер құрастыру (ересектерге ұсынылған жоспар бойынша); шағын әдеби мәтіндердің мазмұнын өз бетінше, мәнерлі, дәйекті түрде жеткізу.

Бақылау нәтижелері

Зерделеу барысында 3 ашық сабаққа, 1 оқу іс-әрекетінің ұйымдастыруына қатысу жүргізілді.

Сабақтардың 85%-ы – жоғары деңгейде, 15%-ы – жақсы деңгейде ұйымдастырылған.

Балалардың оқу мотивациясы жоғары, оқу режиміне үйренуі қалыптасқан.

Анықталған қиындықтар

Кейбір балалардың тіл байлығы мен сөйлеу қабілеті төмен деңгейде.

Оқушылардың кейбірі тапсырмаларды жеке орындауда белсенділік танытпайды.

Сабақтың кей кезеңдерінде уақыт тапшылығы байқалады (еркін ойындар қысқарады).

**Ұсыныс:** Барлық аталған пәндер білім беру стандарттарына сай жүргізіліп жатыр.

Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі жақсы.

Кей пәндерде материалдық-техникалық базаны жаңарту қажет.

Қосымша үйірмелер, жобалық жұмыстар, жарыстар арқылы пәндердің маңыздылығын арттыру қажет.

#### **7. 1-11 сыныптардағы музыка ,көркем еңбек, дене, АӘД пәндерінің берілісін зерделеу қорытындысы. Бақылау басшылық 02-20.12.2024ж аралығында бақылау басшылық жасалды.**

**Мақсаты:** Дене шынықтыру, көркем еңбек, АӘД, музыка пәндері мұғалімдерінің жұмысын бақылау. Сабақ беру тәсілдері мен шеберліктерін тексеру. Сабақта жаңа технологиялардың әдіс – тәсілдерін пайдалану шеберліктерін тексеру. Тәжірибе алмасу. Жаңартылған білім мазмұны бойынша ашық сабақтар үлгісін көру.

**Міндеті:** Пән мұғалімдерінің жұмыс жүйесін бақылау, жинақтау, іс – тәжірибелерін талдап, саралау. Сабақ беру тәсілдерін, шеберліктерін тексеру.

АӘД пәнінен Сисембаев Қайсар сабақ береді. Білімі -жоғары, 4 жыл педагогикалық өтілі бар. Дене шынықтыру бірлестігінде 4 мұғалім бар. Жоғары білімді – 4, Жоғары санатты -1, I санатты -1, санатсыз – 2; Көркем еңбек пәнінен 3 мұғалім. 1 мұғалім декреттік демалыста. 2 мұғалім жас маман санатсыз.

Еміл Жаннұр 5 «А» сыныбына көркем еңбек пәнінен «Идея құру. Жұмыстың орындалу бірізділігі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалімнің сабақ құрылымы өте жақсы. Шаттық шеңберін құру арқылы оқушыларға жағымды психологиялық ахуал жасады. Оқушылардың артына сөздер жабыстырып оны өздері мәнін ашып айтып, екі топқа бөлінді. Жаңа сабақты мұғалім слайд арқылы түсіндіріп, өтті. Бейнежазбаны көрсетіп, бүгінгі сабаққа қажетті ақпараттарды түсіндірді. Сабақта мұғалім жұптық, топтық жұмыстар жасата отырып бірден бағалап отырды. Бірінші тапсырма бойынша нобай үлгісін жасатты, екінші тапсырмада топтық жұмыс арқылы құдық және қайшы құрақтарын жасады. Екінші тапсырмада оқушылар қалыптастырушы бағалау өзбетінше жеке- жеке бұйымның нобайын орындады. Үшінші тапсырмада қол тігісі арқылы қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып құрақ құрастырды. Білім алушылар тапсырманы өте жақсы орындады. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушыларға жасаған құрақтарын қорғатты. Бағалау әр тапсырма бойынша белгіленіп, әр

тапсырма бойынша кері байланыс жасалып отырды. Сабақ соңында сәтті өтті, нені жақсы меңгерді, нені түсінбегені жөнінде кері байланыс парағына жазды. Сабақ жақсы деңгейде өтті.

5 желтоқсан күні Көбенов Қуандық дене шынықтыру пәнінен 8 «А» сынып оқушыларымен «Командадағы көшбасшылық дағдыларын дамыту, футболдағы шабуыл әдістері» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ жоспары қысқа мерзімде жазылған. Сабақтың құрылымы өте жақсы жасалған. Дене қыздыру жаттығуларын жасатып, дем басу уақытында өткен сабақтардан талқылауға арналған сұрақтар қою арқылы жаңа сабақты мақсатын айтты. Командалық көшбасшылықты қолдана отырып шабуылдау әдістерін тиімді үйрете білді. Сабақта жаңа технология элементтерін қолданды. Сабақта әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы қызықтыра алды. Мұғалім сабақты қорытындылап, шапалақ және бас бармақ әдісі арқылы бағалап отырды. Сабақта оқушылар белсене қатысып, сабақ өте жақсы өтті.

Жыл басында мұғалімдердің тақырыптық -күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, бекітілді. Тақырыптық – күнтізбелік жоспар негізінде мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарлары, мектеп едумен салыстыра отырып қаралды. Пән мұғалімдеріне уақытылы электрондық журналды толтыру керектігі ескертілді. Дене тәрбиесі пәні бағаланбайтындықтан тек қана «есептелінді» деп жазылады. Оқушылардың сабақта дәлелсіз жоқ болуы, дәлелді болуы, денсаулығына байланысты сабаққа қатыса алмағандығы туралы сынып жетекшісімен байланыса отырып, электронды журналға қойылғандығы қаралды және ескертілді. Пән мұғалімдерінің жоспарларының құрылымы бойынша бірен саран ескертулер айтылды. Сабақ барысында оқушыларды топқа бөлу, сабақ мақсатымен таныстыру, түсіндіру жұмыстары болды. Ұйымдастыру кезеңінде дене тәрбиесі пәні бойынша оқушылардың денесін қыздыру, ширату жаттығулары жасалды. Барлық жаттығулар мұғалімнің көрсетуімен, нұсқауымен жасалды. Ойындар, жаттығулар арқылы оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту Пән мұғалімдерінің жоспарларының құрылымы бойынша бірен саран ескертулер айтылды. Сабақ барысында оқушыларды топқа бөлу, сабақ мақсатымен таныстыру, түсіндіру жұмыстары болды. Көркем еңбек пәні бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, көркем өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқушылар берілген тапсырмаларды эстетикалық жағынан әдемі, көркем етіп орындай білді. Көркем еңбек пәні бойынша оқушыларымыз аудандық «Алтын қазына» көркем және сәндік- қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының көрмесіне қатысып жүлделі орын алып келді Сабақ соңында кері байланыс орната білді.

**Алдағы міндеттер:** Мұғалімдер сабақтарында жаңа технология әдіс-тәсілдерін көптеп, түрлендіріп өту.

Сабақта жаңа технологиялардың түрлерін молайтып, сабаққа кеңінен қолдануды жолға қою.

## 8. I жарты жылдық қорытындысы

Сынып	Оқыту тілі	Барлығы	Үлгерді	Үлгермейді	"5"-ке	"4"-ке	"3"-ке	Үлгерім	Сапа
I	қазақша	27/15	28/16	0					
II	қазақша	27/8	27/8	0	11	6	10	100%	62,96%
III	қазақша	34/19	34/19	0	9	10	15	100%	55,88%
IV	қазақша	31/16	31/16	0	13	7	11	100%	64,52%
<b>I-IV</b>	қазақша	<b>119/58</b>	<b>120/59</b>	0	<b>33</b>	<b>23</b>	<b>36</b>	100%	60,87%
V	қазақша	33/16	33/16	0	7	10	16	100%	51,52%
VI	қазақша	24/7	24/7	0	4	8	12	100%	50,00%
VII	қазақша	25/12	25/12	0	3	8	14	100%	44,00%
VIII	қазақша	32/15	32/15	0	3	12	17	100%	46,88%
IX	қазақша	29/12	29/12	0	2	11	16	100%	44,83%
<b>V-IX</b>	қазақша	<b>143/62</b>	<b>143/62</b>	0	<b>19</b>	<b>49</b>	<b>75</b>	100%	47,55%
X	қазақша	16/11	16/11	0	1	7	8	100%	50,00%
XI	қазақша	15/5	15/5	0	3	4	8	100%	46,67%
<b>X-XI</b>	қазақша	<b>31/16</b>	<b>31/16</b>	0	<b>4</b>	<b>11</b>	<b>16</b>	100%	48,39%
<b>I-XI</b>	қазақша	<b>293/136</b>	<b>293/136</b>	0	<b>56</b>	<b>83</b>	<b>127</b>	100%	<b>52,26%</b>

2024-2025 оқу жылының I тоқсанында 295 оқушымен бастадық. I тоқсанда 48 үздік 81 озатпен 48,31 % аяқтадық. Ал II тоқсанды 293 оқушымен бастадық. 56 үздік, 83 озат 52,26% -бен сапа көрсеткіш 4 % жоғарлады. I тоқсанда үздік, озатқа бір сабақтан жетпей қалған оқушылар жақсы нәтиже көрсете білді. 1-2 тоқсан бойынша салыстырмалы көрсеткішті көріп отырғандарыңыздай, бастауыш сыныптарда: 2 сыныптардың білім сапасы 4 пайызға, 3 сыныптардың білім сапасы 6 пайызға, 4 сыныптардың білім сапасы 7% пайызға, артып отыр.

**Ұсыныс:**

1. Оқушылардың өздігінен білім алу дағдысын толық қалыптастыру;
2. Оқушылардың сабаққа қызығушығын арттыру;
3. Оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің аздығынан болған кедергілерді жою.

**Шешім:**

1. Жас мамандардың сабақтарын әрі қарай қадағалау ДБЖО Қойбағароваға жүктелсін.
2. Математика және информатика пәндеріне айлық тест қорытындыларына жүйелі талдау жасалып, төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Бастауыш бірлестігінің апталығы орташа деңгейде бағаланып, бірлестік жетекшісіне алдағы уақытта кеткен қателіктерді ретке келтіру міндеттелсін.
4. Оқушылардың ағылшын тілінің біліміндегі олқылықтарды түзету жұмыстарын ұйымдастыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
5. Тілдер бірлестігінің апталығы жоғары деңгейде өткізіліп, үздік оқушылар марапатталды.
6. МАД тобындағы балалардың білім деңгейіне жүргізілген бақылау «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
7. Сабақта жаңа технологиялардың түрлерін молайтып, сабаққа кеңінен қолдануды жолға қою.
8. Төмен сапа көрсеткен пәндерді мектепшілік бақылауға қою және білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.

Төрайым:

Хатшы:

А.М. Нуржанова

Н.Р. Койбагарова

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

№4 Әдістемелік кеңес отырысының

**ХАТТАМАСЫ**

27.03.2025ж

Қатысқандары:25

9. Нуржанова А.М.– кеңес төрайымы
10. Койбагарова Н.Р.– кеңес хатшысы
11. Аманбаева А.Т.
12. Рахметова А.
13. Жумагалиева Д.А.
14. Мұратов Ж.О.
15. Узакбаева А.Ж.
16. Нұрымова А.Б.
17. Нұрлыбекова А.С.
18. Бекдәулетова А.К.
19. Домбаева А.Н.
20. Казиева Б.К.
21. Жақосова Р.А.
22. Турарбекова С.О.
23. Азирбаева А.Л.
24. Бердәулетова С.І.
25. Оңдабаева А.Б.
26. Түгелбаева С.А.
27. Нурахметова Г.
28. Сисембаев Қ.А.
29. Сисембаев Қ.Р.
30. Кобенов Қ.
31. Тілекқабылов С.Б.
32. Сайынова И.Ж.
33. Бердәулетова С.І.

**Күн тәртібінде:**

1. Химия, биология пәндер бірлестігінің апталығы БЖ Жақосова Р
2. 08.01-31.01 арлығындағы 1-4 және 5-11 сыныптардағы ана тілі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілісін зерделеу қорытындысы.
3. 03.02-21.02.25 арлығындағы 5-11 сыныптардағы тарих, құқық пәндерінің берілісін зерделеу қорытындысы
4. 03.03-07.03.25 ж Эстетика және АӘД пән бірлестігінің апталығы БЖ Сисембаев Қ
5. III тоқсан қорытындысы

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 1 –ші мәселе жөнінде жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Жақосова айтып өтті. 20.01-24.01.2025 арлығында өткен «Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғық, Көз жетпейтін мұнарасы тым биік» атты Химия және биология пәндерінің апталығының ақпарламасы

Мақсаты: 5-11 сынып оқушыларын жан жақты білім мен тәрбиені ұштастыра отырып апталықты тартымды әрі оқушылардың жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығын одан әрі дамыту.

Апталық барысында: Пәндік сайыстар, қабырға газеттері, интеллектуалдық ойындар өткізілді. Апталық жоспарға сай толық орындалды.

20.01 күні апталықтың ашылуы болды. Бірлестік жетекшісі Жақосова Райса апталыққа байланысты алдағы уақытта өткізілетін шаралармен оқушыларды таныстырды.

21.01 күні Биология пәні мұғалімі Бердаулетова Салтанат 7 сынып оқушылары арасында «Кім тапқыр» интеллектуалды сайысын өткізді. Сайыс соңында алға басып озған оқушылар марапатталды.

22.01 күні Жақосова Райсаның 9 сынып оқушылар арасында «Сырға толы саяхат» тақырыбында танымдық сайысы өткізілді. Сайысқа екі сынып оқушылары белсене қатысты. Сайыс нәтижесін әділқазылар талқылап озып шыққан топ марапатталды.

23.01 күні химия пәні мұғалімі Бекдаулетова Айгүл 9-11 сынып оқушылары арасында «Тапқыр химиктер» сайысын өткізді. Оқушылар сыныптан тыс шараға белсене қатысты. Сайыс нәтижесі соңынан қорытындыланып, оқушылар марапатталды.

24.01 күні химия пәні мұғалімі Талапбаева Жансая «Ғажайып химия» қызықты тәжірибелер алаңын өткізді. Шара барлық сыныптан бір-бір топ құрылып, әр топ өздері дайындаған тұрмыста қолданылып жүрген нәрселерден дайындаған қызықты тәжірибелерімен бөлісті.

Апталық барысында сабақ арасындағы ұзақ қоңырауда «Көңілді үзілістер» ұйымдастырылып отырды. Апталықта жоспарланған барлық сыныптан тыс шаралар өз дәрежесінде өтті. Апталықта оқушылар өздеріне өте жақсы әсерлер алды.

- 2 Мәселе 08.01-31.01 арлығындағы 1-4 және 5-11 сыныптардағы ана тілі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілісін зерделеу қорытындысы

**Бақылау мерзімдері:** 2025 жылғы 08–31 қаңтар.

**Бақылаудың мақсаты:** 3-ші тоқсанда бағдарлама материалын орындау және өту, МЖМБС-ты орындау. Сабақ процесінде инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану, білім алушылардың білім сапасын анықтау, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін бақылау, әдістемелік көмектер ұйымдастыру

**Бақылау нысаны:** жаппай.

**Тексерді:** директордың ОІІ жөніндегі орынбасарлары.

**Бақылау нәтижелері:**

Мектепшілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, Бастауыш пәндер бірлестігінің сабақтарына бақылау жүргізілді. Бастауыш сынып бірлесітігінде барлығы он сынып бар.

1 «А» сынып- Рахметова А.

1 «Ә» сынып –Қойбағарова Н.

2 «А» сынып – Масатова О.

2 «Ә» сынып- Жаппасова Ф.

3 «А» сынып- Алигулова А.

3 «Ә» сынып – Өткелбай А.

4 «А» сынып – Сұлтанбекова Ж.

4 «Ә» сынып – Оңдабаева А.

Барлығы 20 сабақ бақыланды.

«Үздік» -86-100% 3 (Қойбағарова Н, Масатова О)

«Жақсы» -62-85 % -14

«Жақсартуды талап етеді» -37-61% - 3(Жаппасова Ф, Рахметова А, Сұлтанбекова Ж)

АКТ қолдану –3 мұғалім

Интербелсенді әдіс – тәсілдер-4

Дәстүрлі сабақ-6

**Тұжырым:** барлық мұғалімнің ҚМЖ –лары бар, ДОІЖО бекіткен.

Тексеру барысында кездескен **күшті жақтары:** Жекелеген мұғалімдердің ҚМЖ-ын дұрыс құруы. Оқу мақсаттарының ауқымды түрде жүзеге асыруы. Сабақта топпен, жұппен тапсырмалар беру. Оқушыларды сабақ процесіне тартудағы әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, белсенді әрекеттер ұйымдастыру.

**Әлсіз жақтары:**

1. Сабақ үстінде бірлескен жұмыстар: жұптық және топтық жұмыстардың әлсіз ұйымдастырылуы.
2. Оқу мақсатының сабақ мақсатына дұрыс түспеуі, сараланған тапсырмалардың қарастырылмауы.
3. Қалыптастырушы бағалау әлсіз, оқушыларға кері байланыс жүйелі түрде ұсынылмайды.

**Мүмкіндіктер:** Интербелсенді әдістерді тиімді ұйымдастырған мұғалімдер оқушыларды ойлануға және бірлесе жұмыс жасауға ынталандыра отырып оқушылардың бірлескен жұмыста бірін-бірі тыңдау, ойды өздігімен құрастыру, оны дамыту, бірлесе проблема шешу, бір – біріне көмектесу секілді дағдылар қалыптастыратындығы.

**Қауіптер:** 1. Мұғалім сұрақ қойғанда не тапсырма орындатқанда қолдарын көтеріп жекелей немесе сынып болып жауап беруі.

2. Тапсырмаларды орындауда сыныптағы оқушылардың аз бөлігі ғана жауап беруге қатысуы.

Айлық тест нәтижелері:

- 1–2 сыныптарда қалыптастырушы бағалау басым (тест нәтижелері емес).
  - 3–4 сыныптарда тест нәтижелеріне сәйкес, оқушылардың орташа үлгерімі – 76–82%.
  - Жазу сауаттылығы мен сөйлеу тілі бойынша олқылықтар анықталды (әсіресе, "дыбыстық талдау" мен "жазылым" бөлімінде).
- 5–7 сыныптарда орташа нәтиже – 70–78%,  
8–11 сыныптарда – 75–80%.

Негізгі қиындықтар: мәтінмен жұмыс, эссе жазу, грамматикалық нормалар.

9, 11-сыныптарда тестке дайындық жұмыстары белсенді жүргізілуде.

- 5–7 сыныптар
    - Орташа үлгерім – 72–76%
    - Қиындықтар: хронологияны есте сақтау, ұғымдарды түсіну, себеп-салдар байланысын анықтау
  - 8–9 сыныптар
    - Орташа үлгерім – 74–80%
    - Қиындықтар: тарихи құжатпен жұмыс, оқиғаларды жүйелеу, терминологияны қолдану
  - 10–11 сыныптар (тарих және құқық)
    - Орташа үлгерім – 76–82%
- Құқық пәнінен нақты проблемалар: заң нормаларын түсіну және қолдану, ситуациялық тапсырмаларды орындау

Пәндер жоспарға сай берілуде, оқушылардың қатысу белсенділігі жоғары.

Айлық тест нәтижелері бойынша орташа деңгейде үлгерім байқалады.

Анықталған олқылықтар бойынша нақты жұмыс жоспарлары құрылып, жүйелі түрде іске асырылуда.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және тарихи- құқықтық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстарды әрі қарай күшейту қажет.

### 3. 03.02-21.02.25 аралығындағы 5-11 сыныптардағы тарих, құқық пәндерінің берілісін зерделеу қорытындысы

Тексеру мақсаты: Оқушылардың тарихи ойлау дағдыларының деңгейін анықтау, әдістерді зерделеу

- 5–7 сыныптар
  - Орташа үлгерім – 72–76%
  - Қиындықтар: хронологияны есте сақтау, ұғымдарды түсіну, себеп-салдар байланысын анықтау
- 8–9 сыныптар
  - Орташа үлгерім – 74–80%
  - Қиындықтар: тарихи құжатпен жұмыс, оқиғаларды жүйелеу, терминологияны қолдану
- 10–11 сыныптар (тарих және құқық)
  - Орташа үлгерім – 76–82%

Құқық пәнінен нақты проблемалар: заң нормаларын түсіну және қолдану, ситуациялық тапсырмаларды орындау

Оқытуда қолданылған әдістер:

1. Интерактивті сабақтар, деректі фильмдер, тарихи рөлдік ойындар, пікірсайыстар ұйымдастырылған
2. Цифрлық платформалар қолданылған.
3. Тақырыптық тесттер мен рефлексия күнделіктері енгізілген.

Қиындықтар:

1. Кейбір оқушыларда тарихи даталарды, ұғымдарды есте сақтау қиын.
2. Құқық пәні көбіне теориялық түрде беріледі, тәжірибелік кейстер аз.

Ұсыныстар:

1. Құқық пәнін практикалық бағытта күшейту – сот процесі моделін, құқықтық кейстерді қолдану.
2. Тарих пәнінде өлкетану элементтерін енгізу-жергілікті тарихи орындарға экскурсиялар.
3. Дарынды оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру, олимпиадаға дайындық.

### 4. 03.03-07.03.25 ж Эстетика және АӘД пән бірлестігінің апталығы БЖ Сисембаев Қ (ақпарат бар)

Міндеті: оқушылардың көркем еңбек, музыка, дене шынықтыру және АӘД сабақтарына деген қызығушылығын арттыру;

-  
Білім деңгейін арттыру,

-  
Өз денсаулығына деген ұқыпты қатынасты тәрбиелеу;

-  
Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру;  
Мектепте 2024 -жылдың 14-21 қазан аралығында «Мәңгілік елдің - өнерлі ұрпақтары» тақырыбында көркем еңбек, музыка, дене шынықтыру, АӘД апталығы өтті.

### 5. III тоқсан қорытындысы

III тоқсан бойынша оқу қорытындысы. Үлгерім мен сапа көрсеткіштерін талдау.

Сынып	Оқыту тілі	Барлығы	Үлгереді	Үлгермейді	"5"- ке	"4"- ке	"3"- ке	Үлгерім	Сапа
-------	------------	---------	----------	------------	------------	------------	------------	---------	------

I	қазақша	27/15	27/15	0					
II	қазақша	27/8	27/8	0	10	8	9	100%	66,67%
III	қазақша	34/19	34/19	0	9	10	15	100%	55,88%
IV	қазақша	31/16	31/16	0	13	6	12	100%	61,29%
<b>I-IV</b>	қазақша	<b>120/59</b>	<b>120/59</b>	0	<b>32</b>	<b>24</b>	<b>36</b>	100%	60,87%
V	қазақша	33/16	33/16	0	5	15	13	100%	60,61%
VI	қазақша	24/7	24/7	0	5	8	11	100%	54,17%
VII	қазақша	25/12	25/12	0	0	10	15	100%	40,00%
VIII	қазақша	32/15	32/15	0	3	15	14	100%	56,25%
IX	қазақша	29/12	29/12	0	3	13	13	100%	55,17%
<b>V-IX</b>	қазақша	<b>143/62</b>	<b>143/62</b>	0	<b>16</b>	<b>61</b>	<b>66</b>	100%	53,85%
X	қазақша	16/11	16/11	0	1	8	7	100%	56,25%
XI	қазақша	17/7	17/7	0	4	5	7	100%	56,25%
<b>X-XI</b>	қазақша	<b>33/18</b>	<b>33/18</b>	0	<b>5</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	100%	56,25%
<b>I-XI</b>	қазақша	<b>295/138</b>	<b>295/138</b>	0	<b>53</b>	<b>98</b>	<b>116</b>	100%	<b>56,34%</b>

1 тоқсан 295 оқушы 48 үздік, 81 озат, 138 екпінді сапа 48,31%

2 тоқсан 293 оқушы 56 үздік, 83 озат, 127 екпінді сапа 52,26%

3 тоқсан 295 оқушы 53 үздік, 97 озат, 117 екпінді сапа 55,97 %

2 тоқсанға қарағанда 3 тоқсанның білім сапасы 4 % көтерілді.

1-3 тоқсан бойынша білім сапасының салыстырмалы сараптамасы

Оқу деңгейі	2024-2025 оқу жылының I тоқсаны	2024-2025 оқу жылының II тоқсаны	2024-2025 оқу жылының III тоқсаны	Динамика өсуі/ төмендеуі
Бастауыш білім беру (2-4 сыныптар)	59,78%	60,87%	60,87%	+1,09%
Негізгі жалпы білім беру (5-9 сыныптар)	42,66%	47,55%	53,15%	+5,6%
Орта жалпы білім беру (10-11 сыныптар)	40,63%	48,39%	56,25%	+7,86%
I-XI сыныптар	48,31%	52,26%	55,97%	-3,71%

«Үздік аттестатқа» үміткер оқушыларды ұсыну

2024-2025 оқу жылында 11-сынып арасында «үздік аттестатқа» үміткерлері:

1. Әзберген Нұрсұлтан
2. Құлымбет Санжар
3. Талғатқызы Таңшолпан

9-сынып арасындағы «үздік аттестатқа» үміткерлері:

1. Қуандық Айтолқын
2. Бисенбі Шуақ

Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірде №96 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) 35 тармағына сәйкес 5-8 және 10 сыныптың оқушылары қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырады.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогика кеңесімен айқындалады, тапсырмаларды академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, педагогтар құрастырады және білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді.

«Ол білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеру бағалау мақсатында өткізілетін рәсім», - деп түсіндірілген бұйрық ж Дарынды оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру, олимпиадаға дайындық обасында. Емтихан уақытын мектептердің өзі белгілейді. Ол жазбаша және ауызша өтіп оқушының қазақ тілінде тындау, сөйлеу, оқу және жазу біліктілігін тексеруге мүмкіндік береді. Емтихан тапсырмаларын әзірлеуде педагогтар сәйкес сыныптың оқу бағдарламасын негізге алады.

### **ББЖМ-ға дайындық**

2024-2025 оқу жылында 4-сыныпта 31 оқушы, 9 сыныпта 29 оқушы білім алушы ББЖМ-ға дайындық жұмысына қамтылған. ББЖМ-ға дайындық мақсатында қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз айларында 4,9 сыныптар бойынша пән мұғалімдері тақырыптық тесттер алып, қосымша сабақтар кестесіне сәйкес дайындық жұмыстарын жүргізді. ББЖМ-ға дайындық кезінде пәндер бойынша тест спецификацияларын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу үдерісіне пайдалануға ұсынған оқулықтарын басшылыққа алу керек. Себебі ББЖМ-да жүргізілетін кешенді тестілеудегі тапсырмалар саны мен мазмұны, тестілеуге бөлінетін уақыт әр пән бойынша тесттің спецификациясына сәйкес айқындалады. Барлық сыныптар бойынша ББЖМ-ға дайындық жұмыс жоспарлары мен тест тапсырмалары жоғарыда айтылған спецификацияларға сәйкес дұрыс жасалынған.

Шешім:

1. Белсенді мұғалімдер мен оқушыларды мектепішілік марапаттауға ұсыну
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және тарихи- құқықтық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстарды күшейту пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Дарынды оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру, олимпиадаға дайындық жұмыстарын күшейту пән мұғалімдеріне жүктелсін.
4. Алдағы уақытта эстетика және АӨД пәндері арасындағы байланыста кешенді жобалар өткізу
5. Төмен сапа көрсеткен пәндерді мектепішілік бақылауға қою және білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.

Төрайым:  
Хатшы:

А.М. Нуржанова  
Н.Р. Койбагарова

## **«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

### **2024-2025 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау бойынша анықтама**

#### **Бақылау негізі:**

2024-2025 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары.

**Бақылаудың мақсаты:** Оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін, олардың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейі мен бағытына сәйкестігін, құрылымына, мазмұнына, рәсімделуіне, оқу жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау.

**Бақылау объектілері:** «О» білім кесіндісін жүргізу

**Тексеру мерзімі:** 2024 жылғы 5-10 қыркүйек

#### **Бақылау нәтижелері:**

Мектепшілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 2024-2025 оқу жылының басталуын ұйымдастыру мақсатында 2024 жылғы 5-10 қыркүйек күндері каникул кезеңінен кейінгі білім деңгейін анықтау мақсатында «О» білім кесіндісі 2-4, 5-10 сыныптарында негізгі пәндер бойынша оқушылардың оқу жылы басындағы білім деңгейін анықтау мақсатында нөлдік білім кесіндісі өткізілді.

2-4 сынып бастауыш сыныптарында қазақ тілі, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен 5-10 сыныптарда қазақ тілі, математика, орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, физика, биология, химия, география пәндерінен оқу жылы барысындағы оқушылардың бастапқы білім деңгейін бақылау мақсатында нөлдік білім кесінділері тест, тапсырмаларымен мәтіндік диктант, бақылаулар өтті. Тапсырмалар өткен оқу жылының соңындағы және бастапқы білім тапсырмаларымен құрылды.

Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар:

#### **Ұсыныстар:**

5. Пән бойынша «5» - тігін ақта й алмаған оқушылар болды.
6. Кейбір оқушылар «5»-тен «3»-ке, «4»-тен «3»-ке түсіп отыр, жылдыққа шыққан бағаларын сақтаған оқушыларда бар.
7. «2» - лік алған оқушыларда бар.

- 1.Пәндер бойынша қосымша сабақтармен қайталау жұмыстарын жүргізу керек.
- 2.Оқушылардың білімдерін толықтыру мақсатында тақыптық, түсіндірулер,кеңестер берілу қажеттілігі пән мұғалімдеріне тапсырылды.

Бақылауды жүргізген: директордың оқу ісі жөніндегі  
орынбасары : Нуржанова А